

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Ұлы Отан соғысына қатысушыларды, мүгедектерді және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алушыларды әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 шілдедегі N 737 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Ұлы Отан соғысына қатысушыларды, мүгедектерді және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алушыларды әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне

Ұлы Отан соғысына қатысушыларды, мүгедектерді және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алушыларды әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 154-құжат; 1999 ж., N 8, 239-құжат; N 23, 925-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 1-2, 13-құжат) :

1) 1 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "7" деген сан "10" деген сандармен ауыстырылсын;
үшінші абзацтағы "5" деген сан "7,5" деген сандармен ауыстырылсын;
төртінші абзацтағы "3" деген сан "5" деген санмен ауыстырылсын;
бесінші абзацтағы "4" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы "7" деген сан "10" деген сандармен ауыстырылсын;
жетінші абзацтағы "5,5" деген сандар "8" деген санмен ауыстырылсын;
сегізінші абзацтағы "4" деген сан "6" деген санмен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "9" деген сан "12" деген сандармен ауыстырылсын;
үшінші абзацтағы "7" деген сан "9,5" деген сандармен ауыстырылсын;
төртінші абзацтағы "5" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын;

2) 1 6 - б а п т а :

1-тармақтағы "10" деген сандар "12" деген сандармен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "4" деген сан "5" деген санмен ауыстырылсын;
екінші абзацтағы "3,5" деген сандар "4,3" деген сандармен ауыстырылсын;
үшінші абзацтағы "3" деген сан "3,5" деген сандармен ауыстырылсын;
төртінші абзацтағы "2,5" деген сандар "2,8" деген сандармен ауыстырылсын;
бесінші абзацтағы "2" деген сан "2,3" деген сандармен ауыстырылсын;
екінші бөлігіндегі "он еселенген" деген сөздер "он екі еселенген" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы"
Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы
Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 8, 238-құжат; N 23, 925-құжат; 2000 ж., N 23, 411-
құжат; 2001 ж., N 2, 14-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат):

7-баптың үшінші бөлігінің 1), 2) тармақшасындағы "5,8", "7,1" деген сандар "15"
деген сандармен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті